

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай
Балабақпасының меңгерушісі

О.А. Лигус



2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

Шымкент 2025-2026

№1 Педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 12

28.08.2025ж.

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы.

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп.
2. Балалабақшаның 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту.
3. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын және Адал азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын талқылау.
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту.
5. ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін талқылау, бекіту.
6. Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін талқылау, бекіту.
7. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын талқылау және бекіту.
8. Өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар жоспарын құру, бекіту.
9. Әртүрлі мәселелер.

Тындалды:

Бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер! Жаңа 2025-2026 оқу жылы құтты болсын. Бірінші педагогикалық кеңесімізге қош келдіңіздер және ашық деп жариялаймын. Биылғы оқу жылында педагогикалық кадрлар мәселесінде ешқандай өзгеріс жоқ, қызметкерлердің келіп кетуінде өзгеріс жоқ. Жалпы бізде 27 қызметкер жұмыс жасауда.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша, «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы» бойынша айтар болсам, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жасалды және соған байланысты жұмыстар жүргізілді. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты:

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;
- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру болып табылды.

Жаз уақытының бірінші күні «Балаларды қорғау» мерекесіне орай кішігірім мерекелік концерт ұйымдастырылып, артынша балалар көңілі үшін аниматорларды шақырттық. Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісінде жарияланды. Тәрбиешілер тамыз айында «Конституция күніне» орай тақырыптық сабақтар өткізді.

Биылғы жазы уақытында екі мектепалды даярлық топтарының бүлдіршіндері

~~балабақша~~ балабақшамен қоштасып, мектеп табалдырығын аттады. Олардың орнына үш жастағы бүлдіршіндер қабылданды.

Жазғы уақытта балабақша балалары арасында жазғы демалысқа шыққандар болды. Олардың көбісі 2 айға демалыс алды. Ал олардың демалыс уақытына жазылған өтініштері гарден программасына сканер түрі жүктелді,- деп толық айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша меңгеруші Л.И.Яворская «Балалабақшаның 2025-2026 жана оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту» тақырыбында сөз қозғады.

- Биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру. Сонымен қатар, балалардың мемлекеттік тілді үйренуге деген қызығушылығын оята отырып, тіл байлығын дамыту. Балалардың экологиялық мәдениетін, құқықтық және сауаттылық негіздерін қалыптастыру».

Міндеті:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру

- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- Балалардың салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын, өзіне, отбасына, құрдастарына деген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру.

- Балалардың қаржылық сауаттылық жайында түсініктерін қалыптастыру.

- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Ал, енді педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға келер болсам, биылғы оқу жылында «Аналар мектебі» «Аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел мен «Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудағы ата-ананың рөлі» тақырыбында семинар өткізу жоспарланып отыр. Ал педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер тізімі жасалды. Балалардың салауатты өмір салтын ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар тақырыптары жасалып, музыка жетекшісімен бірлесіп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелері ұйымдастырылуда. Мысалы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы», «Спортпен айналысамыз», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Қысқы қызықтар!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру іс-шаралары жоспарлануда.

Сонымен қатар, оқу жылында өткізілетін ертеңгіліктер тақырыптары мен тақырыптық сабақтардың жоспары жасалды, ашық есік күндері мен өткізетін көрмелер жоспарланды. Мысалы: «Менің сүйікті тәрбиешім», «Балалар

кітапханасы», тақырыбында көрмелер, «Менің анам ең жақсы» аналар мен әжелерге алғыстарын білдіре отырып, челлендж түсіру жоспарлануда. Тәрбиеші мен педагогтардан тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары алынып, жылдық жоспарға қостық. Сонымен қатар, жыл бойында өткізілетін педагогикалық, өндірістік, меңгеруші жанындағы кеңестердің жоспарлары жасалды. Ата -аналармен өткізілетін жиналыстырдың жоспарлары бекітілді. Бақылау түрлері мен мазмұны жасалынып, рационалды теңестірілген тамақтану ұйымдастырылып, медициналық- педагогикалық бақылау мен әкімшілік -шаруашылық қызметтің жоспарға қостық,- деп толық айтып өтіп, сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын және Адал азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын талқылау бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті педагогикалық кеңестің мүшелері. Кеше мен барлықтарыңызға 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты берген болатынымын. Осы нұсқау хатты негізге ала отырып, жыл бойына жұмыстар жүргіземіз. Адал азамат - «Біртұтас тәрбие» жайында айтар болсам, бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Биылғы Адал азамат-Біртұтас тәрбие бағдарламасының ерекшелігі мынада және мынадай бағыттары өзектендірілді:

- ✓ МДҰ мен мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
- ✓ оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;
- ✓ «Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;
- ✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;
- ✓ «Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;
- ✓ ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту;
- ✓ әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

✓ «Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бөлінеді де, барлық қазақи құндылықтарды, салт-дәстүрлерді жоспарға қосу арқылы қазақи тәрбиеге, құндылықтарға тәрбиелеу, - деп толық тоқталып өтті.

4. Кеңестің төртінші мәселесі «Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесін, күн тәртібін бекіту» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Алдарыңызға таратып берген күн тәртібі мен сабақ кестесіне қараңыздар. Күн тәртібі біздің балабақшамызда 8.00 басталады. Бірақ тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері 15-20 минут алдын келіп, топтардың шанын сүртіп, бөлмелерді ретке келтіріп, балаларды қабылдауына дайын болуы керек. Әрбір күн тәртібінде белгіленген уақыттар бойынша таңғы ас, түскі және бесін асын балдарға беру, ұйымдастырылған іс әрекеттерді уақытында өткізу және балаларды уақытылы серуенге шығарып, уақытылы түскі ұйқыға жатқызыңыздар.

Ал сабақ кестесіне келер болсам, ортаңғы топ балалары 15 минуттан сабақ өтеді, ересек топ балалары 20 минут, ал мектепалды даярлық топтары -25, 30 минуттан сабақтарын өтеді. Әрбір топта оқу бағдарламасы сәйкес сабақ кестесі берілді. Музыка және қазақ тілі бойынша пән мұғалімдері сабақ береді,- деп айтып өтті.

Ал, қосымша үйірме сабақтары, яғни ағылшын және хореография, гимнастика сабақтарының кестесін үйірме жетекшілерімен келісіп қойсаңыздар болады,- деп сөзін аяқтады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін талқылау, бекіту» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Біздің балалабақшамыздың Ішкі Еңбек тәртіп ережесі қайта жаңартылып, бекітілуге ұсынылуда. Мұндаға мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері,

Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, «Лилия» қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже, Үйірме жұмысы туралы ережесі жасалынды. Кәзір алдарыңызға тарқатылады, сол бойынша оқып шығуларыңызға және сұрақтарыңыз болса қойсаңызда рұқсат. Бұл тәртіп ережелерін осы педагогикалық кеңесте талқылап, бекітіледі- деп сөзін аяқтады.

6. Алтыншы мәселе «Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін талқылау, бекіту» туралы сөз кезегін меңгеруші алды.

- Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы негізінде (ҚР Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 № 121 бұйрығын) негізге ала отырып, барлық қызметкерлерге арналған лауазымдық міндеттерін дайындадық. Әр қызметкерге жеке жеке лауазымдық міндеттер (меңгерушіге, әдіскерге, тәрбиешілерге, тәрбиеші көмекшісіне, аспазшыға, қарауылға) дайындалып, кәзір оқып шықсаңыздар болады, сұрақтарыңыз болса қойыңыздар. Яғни бұл лауазымдық міндеттер сіздердің жұмысыңыздағы негізгі міндеттеріңіз, атқаратын қызметтеріңіз жазылған.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын талқылау және бекіту» туралы сөз кезегін меңгеруші алды.

- Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен таныстыру, Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, т.б. тақырыптарды қамти отырып, биылғы оқу жылына жоспар дайындадық. Мұнда жалпы қызметкерлерге, тәрбиеленушілермен өткізілетін іс-шаралар мен ата аналармен бірге өткізілетін іс-шаралар тақырыптары жазылған. Қысқаша айтып өтсем, Білім беру ұйымының терроризмге қарсы қауіпсіздігін ұйымдастыру, Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, «Жаңа жылдық мерекелерін өткізу кезінде өрттің алдын алу», Жасалған теракт кезіндегі білім беру ұйымдарының басшылары мен персоналының іс-қимылы, Діни экстремизм мен терроризмнің алдан алу жайында педагогтарға кеңес, т.б. Бұл тақырыптар теория және тәжірибе түрінде өткізіледі. Оқып шығыңыздар, егер қосатындарыңыз бар болса, қосыңыздар- деп сөзін аяқтады. (қызметкерлер тақырыптарды оқып, бірауыздан қолдады).

8. Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе «Өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар жоспарын құру, бекіту» жайында сөз кезегін меңгеруші алды.

- «Лилия» бөбекжай бақшасының төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында сабақтарды өткізудің 2025-2026 оқу жылына арналған тақырыптық жоспары жасалынды. Бұл жоспарда қаралатын тақырыптар: Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік, Өрт уақытындағы

...сіздік, Улы газдың алдын алу, Қыс мезгіліндегі мұздағы қауіпсіздік, «Қауіпсіз терезелер» балаларды терезеден құлап кетудің алдын алу бойынша қауіпсіздік сабағы, т.б. Бұл тақырыптық сабақтар теория және практика жүзінде өткізіледі. Бұл тақырыптық сабақтарда сіздер балаларға өрт кезінде қандай іс-әрекет жасау керектігін, жер сілкінісі кезінде қалай қорғану керектігін, төтенше жағдай болған кезінде қандай нөмірге хабарласу керектігін, т.б. сол сияқты іс-қимылдармен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер. Өткізген сабақтарының жоспары мен суреттерін әдіскерге келіп тапсырыңыздар. Ал видеоларын инстаграмм парақшасына саламыз. Егер осы тақырыптармен танысып, қосатындарыңыз жоқ болса, жоспарды бекітіп, жұмыс жасайық, - деп сөзін аяқтады.

9. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін О.А.Лигус алды:

- Саламатсыздар ма. Менің сұрағым мынадай. Биылғы оқу жылында жоспарланып отырған іс – шара «Тілдер мерекесін» мектепалды даярлық топтарында өткізсем деп жоспарлап отырмын. Соған балаларыма және қыздарыма ұлттық ою өрнегі бар комзолдар мен юбкалар, бантиктер тіктірсем, ал ұл балдарға нымша тіктірсем деп едім. Соған Лилия Ивановна, ақша бюджетіңізден бөлесіз бе? - деп сұрақ қойды.

- Бұл іс-шара жылда өткізілетін болғандықтан және ұлттық мереке болғандықтан ақшаны бөлемін. Біздің тігінші Валерияны шақыртып, тіктіруді бастаңыз, - деп келісім берді.

- Әдіскер Улжан Орынбасаровнаға сұрағым бар, - деп сөзін Сажидә Султановна алды. Жазғы мезгілде жүргізген перспективалық жоспарымызды, циклограмманы, жалпы барлық құжаттарымызда қашан тапсырамыз?

- Өте орынды сұрақ. Осы тамыз айының соңында әкеліп маған тапсыра беріңіздер. Тапсырар алдын жақсылап бір тексеріп шықсаңыздар, - деп әдіскер жауап берді.

- Менің қосатыным бар, - деп сөз кезегін меңгеруші алды. Жаңадан келген тәрбиеленушілердің ата аналарына және жаңадан ваучер алған ата-аналарға әр айдың басында индиго программасы арқылы балалардың сабаққа қатысу табелін бекіту керектігі жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер. Егер бала ауырып қалса, анықтамамен келсін. Анықтамада үш печать және кюар коды болу керек. Біз дамумед программасы арқылы тексеріп, ол анықтаманы табельге енгіземіз. Егер ата – ана табелін екі ай бекітпесе, мемлекет баланың ваучерін алып қояды. Ондай жағдайда бала бақшадан шығарылады немес коммерческий топқа ауыстырылады. Онда төлем ақысы қымбаттайды.

Сонымен қатар, біздің бақшада өткізілетін барлық кеңестің жоспарын толтыратын хатшымыз, Г.Орын декреттік демалысқа кетуіне байланысты, жаңадан хатшы тағайындайық. Ол хатшылық қызметімізді У.О.Ахметоваға тапсырамыз.

Егер басқа сұрақтарын жоқ болса, педагогикалық кеңесті аяқтап, шешім шығарайық, - деп сөзін аяқтады.

Шешім:

1. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы бойынша есеп қабылдансын.
2. Балалабақшаның 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспары бекітіліп, жұмыстар жасалсын.
3. 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хаты бойынша және Адал азамат- «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен жұмыстар жасалып, жалғасын тапсын.
4. Ұйымдастырылған оқу қызметтердің кестесі, күн тәртібі бекітіліп, жұмыстар жасалсын.
5. ЖШС «Лилия» бақшасының ішкі еңбек тәртіп ережесін бекітсін.
6. Бақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бекітілсін.
7. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шара жоспарын бекітілсін, жоспар бойынша жұмыстар жасалынсын.
8. Өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын, бекітілсін, жұмыстар жасалынсын;
9. Өртүрлі мәселелер.
 - Ұлттық мерекеге байланысты ұлттық киімдер тіктірілсін;
 - Ата аналар уақытылы балалардың сабаққа қатысу табелін бекітсін, тәрбиешілер ата аналармен үздіксіз жұмыстар жасасын;
 - Жаңадан тағайындалған хатшы тағайындалсын, уақытылы кеңес хаттамалары толтырылсын.

Менгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

У.О.Ахметова



№2 Педагогикалық кеңес хаттамасы

30.10.2025ж.

Қатысқандар: 13

1. №1 педкеңес шешімінің орындалуы
2. «Мамонтенок « және «Китенок» тобына келген балалардың балабақшаға бейімделу жағдайы туралы әдіскердің есебі
3. «Республика күніне» арналған ертеңгілігінің өткізілуін жоспарлау
4. «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы.
5. Есепші О.В. Федаренконың төлем ақы жайында есебі.
6. «Дене шынықтыру сауық-кештерін» талқылау
7. Өткізілген бастапқы мониторинг қорытындысы
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер! Саламатсыздар ма құрметті педагогикалық кеңеске қатысушылар. Бүгінгі кеңесті ашық деп жариялаймын. Сіздердің қолдарыңызға берген күн тәртібімен танысқан боларсыздар. Ал ендеше бастайық.

- №1 Педагогикалық кеңестің шешімі толығымен орындалды және әлі де жалғасын табуда. 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес іс-шаралар, ұйымдастырылған оқу кестесі бойынша сабақтар, күн тәртібі қатаң сақталып, тақырыптық сабақтар мен спорттық жарыстар уақытылы өткізілуде. Сонымен қатар, биылғы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатының негізінде «Өнегелі-15 минут», «Күй дүмбірін», Үнемді тұтыну, экологиялық тәрбие мен құқықтық, қаржылық сауаттылықты дамыту жұмыстары циклограммаға жазылып, күн сайын жұмыстар жасалынуда. Ал, балабақшаның ішкі тәртіп ережесі және лауазымдық қызметтері бойынша қызметкерлер өз міндеттерін дұрыс атқаруда. Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар мен өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шараларға бұйрықтар жасалып, жұмыстар істелінуде.- деп қысқаша тоқталып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Мамонтенок « және «Китенок» тобына келген балалардың балабақшаға бейімделу жағдайы туралы әдіскердің есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Биылғы оқу жылында Китенок және Мамонтенок топтарына жаңадан балаларды қабылдадық. Көзіргі таңда китенок тобында -25 бала, ал мамонтенок тобында – 20 бала білім алып, тәрбиеленуде. Кез келген бала жаңа ортаға келіп қосылғанында 3-5-10 күнде адаптация жүреді. Сондықтан жаңадан қабылданған балаларды бірінші күндері 2-3 сағатқа ғана қалдырып, жай- жаймен үйрету керектігін түсіндіреміз. Басында жаңадан келіп қосылған балалар тәрбиешінің жанынан шықпай, екінші анасындай құшақтап

жүреді. Балаларды тәрбиеші қабылдағаннан соң, оларға гигиеналық шараларды үйретіп, гимнастика жасатып, таңғы асын беріп, балалар бір бірінен жатырқамауы үшін әртүрлі қызықты ойындар ойнатады. Ал ата - аналар уайымын басу үшін баланың ойын процесіндегі суреттерін жібереді. Бұл топтағы балалар жаңадан келгендіктен оларға жаңадан тізім жасалып, киім ілетін шкафтарына, жататын төсек орындарына және отыратын орындықтарына маркировка дайындап, жасалынды. Қорытындылай келе, жаңадан келген балалардың бейімделу процесі жақсы өтуде,- деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Республика күніне» арналған ертеңгілігінің өткізілуін жоспарлау» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- 24 қазан күні мектепалды даярлық «Лучик» және «Динозаврики» топтарында Республика күніне арналған ертеңгіліктер өткізілді. Екі топтың да тәрбиешілері мен балалары өте жақсы дайындалған. Ертеңгілікке арнайы киімдер тіктіріліп, залдың іші өте сәнді безендірілген. Онда ҚР жалауы, туу мен Елтаңбасының суреті ілінді. Балалар ертеңгілікті әнұранмен бастап, туған жерім, елім деген ұранмен керемет тақпақтарды үш тілде айтты. Патриоттық сезімдерді оятып әндерді шырқады. Керемет флэшмобтар ұйымдастырылып, балалар биледі. Қыздар сызылып, қазақтың керемет әндеріне би биледі. Ертеңгіліктер өте жақсы өтті. Бұл ертеңгіліктердің мақсаты жас ұрпақтың жүрегінде патриоттық сезімдерді оятып, еліне, жеріне деген махаббатын күшейту, - деп толық айтып өтті.

Осы ертеңгіліктер жайында сөз кезегін музыка жетекшісі А.В.Чепуркина алды.

- Мектепалды даярлық топтарының Республика күніне арнап өткізген ертеңгіліктері жоғары дәреже өткізілді. Бұл ертеңгілік патриоттық болғандықтан, сондай қойылымдар қойылмай, тек керемет тақпақтар мен әндерден тұрды. Мектепалды даярлық топтарын бұл ертеңгілікке дайындау қиынға соқпады. Өйткені балалар есейіп қалған. Берген жаттауларын дер кезінде үйлерінде жаттап, әндерді қуана шырқауда.

- Ал енді қараша айының басында басқа топтардың күзгі ойын-сауық кештері өткізіледі. Бірақ кәзіргі таңда ол топтардың дайындықтары жақсы. Ойын-сауық кештеріне әртүрлі ойындар ұйымдастырылып, балаларға сахналық қимылдардың рөлдерін жаттауға бергенбіз. Өз жәрежесінде жақсы өтеді деген ойымыз. - деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбы бойынша сөз кезегін медбике М.К.Попкова алды.

- Балаларда жиі кездесетін бірқатар ауру түрлері бар. Олардың алдын алу шаралары оларды жұқтырмауға, ал уақытылы емдеу асқынулар мен ауру салдарынан қашуға көмектеседі. Балалар жиі ауырады – деген сөзді көптеген ата-аналардан естиміз. Балабақшада балалар саны өте көп және сырқаттанған бала санын, үшінші және с.с балаларға жұқтырулары мүмкін. Сондықтан қандай

аурулардың жиі кездесетінін білу керек, егер аурудан қашып құтыла алмаған жағдайда не істеу керек екенін білуіміз керек.

Жедел респираторлы вирустық инфекциялар – интоксикация белгілерімен, катаралды құбылыстарымен, тыныс алу жолдарының әртүрлі бөлігін зақымдауымен, жоғары контагиоздылығымен ерекшеленетін аурулар тобы.

Жедел респираторлы вирустық инфекциялармен аурудың өсуі жылдың суық мезгілінде басталады. Оған бір жағынан бұған вирустың төмен температуралар әсеріне жоғары төзімділігі әсер етеді. Екінші жағынан салқын тигізу ағзаның қорғаныс қасиеттерін төмендетеді.

Инфекцияны таратушы науқас адам болып табылады. Таралуы – ауа-тамшы жолымен. Бұл – вирустың ұйымдастырылған ұжымдарда, үйжайлардың ішінде аса жылдам таралуын түсіндіреді.

ЖРВИ белгілері: дене қызуының жоғарылауы, жөтел, мұрынның бітелуі, тұмау, түшкіру, бас ауруы, селқостық, әлсіздік, ауыршандық.

Аурудың жағымсыз салдары қауіпті топқа бір жасқа дейінгі балалар мен тыныс алу органдарының аурулары, жүрек-қан тамыр жүйесі мен эндокриндік патологиялары бар 60 жастан асқан ересектер кіреді.

Бәрінен жиі ұжымдардағы балалар, яғни мектепалды мекемелері мен мектептерге баратын балалар, жұқтырады, -деп толық айтып, басқа түрлеріне де тоқталып өтті.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе Есепші О.В. Федаренконың төлем ақысы жайында есебі.

Кәзіргі таңда баланың бір айлық төлем ақысы 20 000 теңгені құрайды. 15 000 теңге тамаққа, ал 5000 теңге аптасына бір рет өткізілетін құм терапиясына және шығармашылық жұмыстарды өткізу мақсатында. Кәзіргі таңда барлық ата-аналардың төлем ақыны уақытылы төлеп жатыр. Бала егер 3 күннен артық уақыт балабақшадан қалса, тек ауырғандығы туралы анықтамамен қабылдап отырмыз да, оларға келмеген күндеріне ақша қайтарылуда. Бірақ бірең сараң ата-аналар төлем ақымен кешіктіретіндер де бар. Олардың тізімін тәрбиешілерге беріп, төлемді жасау керектігін ескертіп отырамыз, - деп қысқаша айтып өтті.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе «Дене шынықтыру сауық кештерін» талқылау бойынша сөз кезегі әдіскер У.О.Ахметоваға берілді.

- Оқу жылы басталғалы екі рет дене шынықтыру сауық кештері өткізілді. Олар: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» және Спорттық сайыстар «Спортпен айналысып- күш жинаймыз!». Ұлттық ойын – ұлт қазынасы тақырыбын өткізілген дене шынықтыру сауық-кешінде балаларды ұлттық ойындар түрлерімен таныстырып, сол ойын түрлерін ойнатты. Бұл кештердің мақсаты Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дене шынығуын қажет етеді. «Орамал ілу», «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз кү» «Ұшты – ұшты», т. б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, етәжірибесін кеңейту, ептілік қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

«Спортпен айналысып- күш жинаймыз!» тақырыбында өткізілген жарыста өз жасерекшеліктеріне лайықты әртүрлі ойындар ойнатылды. Бұл жарыстардың мақсаты балаларға денені шынықтырудың пайдасын, адамның дені сау сергек болуына, көтеріңкі көңіл - күйде болуын қалыптастыру, тепе - теңдікті сақтау, шынықтыру жаттығуларына, сайыстың шарттарына деген қызығушылықтарын арттыру, командамен ойнауды үйрету. Өткізілген сайыстарға тәрбиешілер жақсы дайындалған. Барлығында ойындарға арналған ойын құралдары түгел болды, - деп сөзін аяқтады.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Өткізілген бастапқы мониторинг қорытындысы» жайында сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Оқу жылының басында әдеттегідей бастапқы мониторинг өткізілді. Мониторингтің мақсаты балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Бастапқы мониторинг барлық топтарда өткізіліп, қорытынды есебі әдіскерге тапсырылды. Мектепалды даярлық топтарының мониторинг көрсеткіші жаман емес, өйткені ондағы балалар алдыңғы оқу жылында ересек тобында, сол тәрбиешіде білім алған. Сол секілді ересек тобының балаларының да көрсеткіші қанағаттанарлық. Ал ортаңғы топтың балалары енді балабақша табалдырығын аттағандықтан, дағдылары жақсы дамымаған, және өзіне өзі қызмет жасаудан төмен. Әдіскер өз тарапынан қорытынды есеп шығарып, білім бөлімінің әдіскеріне тапсырды. Тәрбиешілер өз кезегінде мониторинг қорытындысын есепке ала отырып, әр балаға жеке даму карталарын толтырды. Бұл толтырған деректерін ҰББҚ (НОБД) базасына жеке жеке толтырып шықты.

8. Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Бізде өткізілген барлық ертеңгіліктер мен ойын-сауық кештерінің видеолары мен суреттері Lily_Detskysad инстаграмм парақшасына жарияланады. Ал, ертеңгіліктердің сценарийін әдіскерге уақытылы тапсырыңыздар. Өйткені оларға жеке жеке анықтама толтырылады.

Сонымен қатар, Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризме қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нқсқаулықты бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығы 77,78 және 79 тармағына сәйкес біздің бақшамыздағы видеокамералар қалалық полиция департаментінің жедел басқару орталығына қосылды. Сонымен қатар, қақпаның сыртына домофон жүйесі қосылды және бақшамыз 1 дәрежелі күзетпен қамтамасыз етілген.

Кәзіргі таңда біздің бақшамыздың біраз қызметкерлері тілдерді дамыту әдістемелік орталығы ұйымдастырған «Қазақ тілін оқыту» курсына қатысып жатыр. Бұл курстар сәрсенбі және жұма күндері, сағат 13.30 болып жатыр. Курс

сонда тыңдаушылар емтихан тапсырып, сертификат алады. Сондықтан сабақтан қалмай қатысқандарын жөн.

Сонымен қатар, балабақшамыда «Қауіпсіз балабақша» тақырыбында антитероризмге қарсы қорғану мақсатында барлық топтарда түсіндірме жұмыстары жүргізілді және «Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Олардың құжаттары тапсырылды.

Менің сұрағым бар,- деп сөз кезегін кассир О.В.Федаренко алды. Кәзіргі таңда азық-түлкітердің бағасы, сүт, еттің бағасы шарықтап барады. Соған байланысты балалардың тамаққа төлем ақыларын көтермейміз бе?

- Бұл мәселе бойынша ешқандай өзгерістер жоқ. Төлем ақы көрету жайында ешқандай бұйрық берілген жоқ. Сондықтан балалардың тамаққа төлейтін төлем ақылары өзгеріссіз қалдырылады.

Шешім:

1. №1 Педагогикалық шешімнің есебі қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;
2. «Мамонтенок» және «Китенок» тобына келген балалардың балабақшаға бейімделу жағдайы туралы әдіскердің баяндамасы қабылдансын және жұмыстар жалғастырылсын;
3. «Республика күніне» арналған ертеңгіліктер өз дәрежесінде өткізілді деп есептелінсін. Қалған топтың ойын-сауық кештері уақытылы және өз дәрежесінде өткізілуін әдіскер қадағаласын.
4. «Балалар ауруларының алдын алу» тақырыбында медбикенің баяндамасы негізінде жұмыстар жалғастырылсын;
5. Есепші О.В. Федаренконың төлем ақы жайында есебі қабылдансын;
6. «Дене шынықтыру сауық-кештері» жалғасын тапсын;
7. Өткізілген бастапқы мониторинг қорытындысы есепке алынсын, балалармен жұмыс жасалынсын.
8. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалынсын.

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

У.О.Ахметова



№3 педагогикалық кеңес

1. №2 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Өткізілген Аралық мониторингтің қорытындысы
3. Ұйымдастырылып өткізілген көрмелер мен іс-шараларды талқылау
4. Медбикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы
5. Наурыз айында болатын ертеңгіліктерді жоспарлау
6. «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер өткізетін тәрбие сағаттарын

талқылау

- 7 Барлық топтарда өткізілген тақырыптық сабақтардың есебі
8. Антитероризм бойынша өткізілген іс-шарлар жайында
9. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №2 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Өзім қатаң тексеру жүргізіп, бақыладым. Дене шынықтыру сауықтыру ойындары барлық топтарда өткізілді. Мысалы, Қысқы қызықтар, Біз шыныққан боламыз, т.б. тақырыбында өткізілді, жоспарлары тапсырылды. Балалар ауруларының алдын алу тақырыбы бойынша медбике де, тәрбиешілер де ата – аналарға кеңестер беріп, аурудың алдын алу жұмыстары жүргізіліп, кабинеттерде кварцтар қосылып, желдету жұмыстары жүргізіліп, хлормен едендер жуылды. Сонымен қатар, ата-аналар уақытылы төлем ақыны өткізіп, төлеп отыр. Сол сияқты күнделікті бақылау жасау қажет жұмыстар, қатал бақыланып, жасалынуда деп сөзін қорытындылады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Аралық мониторингтің қорытындысы бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Қаңтар айында балабақша балаларына аралық мониторинг жүргізілді. Бұл Мониторинг балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Балабақшадағы 6 топтың тәрбиешілері мониторинг жүргізіп, әдіскерге қорытындысын тапсырды, өз кезегінде әдіскер өзіндік әдіскер жинағын жасақтап, білім басқармасының методистіне тапсырды. Қорытындылай айтқанда, барлық топ балаларының жоғары деңгейі, орташа деңгейі және төменгі деңгейі анықталды. Ортаңы топ балалар саны – 45 (2 топ), олардың жоғары деңгейі – 42%, ортаңғы деңгейі - 58 %, ал төменгі деңгейі – 0% құрады. Ал, ересек тобында жалпы балдар саны – 50, олардың жоғары деңгейі – 42%, ортаңғы деңгейі - 58 %, ал төменгі деңгейі – 0% құрады. Мектепалды

даярлық топта балалар саны – 50, олардың жоғары деңгейі – 43%, ортаңғы деңгейі – 57 %, ал төменгі деңгейі – 0% құрады. Сонымен қатар осы жылдың қаңтарынан бастап, орыс тілінде оқытылатын бақша балаларына Тілді бойлау бағдарламасы негізінде мониторинг жүргізілді. Бұл мониторингтің мақсаты, орыс тілінде білім алып, тәрбиеленетін балалар қазақ тілін қаншалықты меңгергендігін анықтау мақсатында. Бұл мониторинг ересек және мектепалды даярлық топтарының балаларынан алынды. Ересек топ көрсеткіші: жоғары деңгей - 43%, орташа деңгей – 57% . Ал мектепалды даярлық топтарында 50 бала, олардың жоғары деңгейі – 39%, ал ортаңғы деңгейі – 61% құрады. Мониторинг қорытындысы жасалып, білім басқармасына жолданды, - деп сөзін аяқтады. (Әдіскер жинағының нәтижесі хаттамаға тіркелді)

3. Үшінші мәселе «Ұйымдастырылып өткізілген көрмелер мен іс-шараларды талқылау бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Біздің балабақшамызда «Менің сүйікті тәрбиешім» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл көрмеге барлық топтың балалары ат салысып, қатысты. Үйлерінде ата-аналарымен бірге тәрбиешілердің суреттерін салып, алғыстарын білдіре отырып, тілек жазды. Ұйымдастырылып өткізілген көрме инстаграмм парақшасына салынды. Сонымен қатар, Жаңа жыл мерекесіне орай барлық топтарда «Жаңа жылдық карнавал» тақырыбында ертеңгіліктер өткізілді. Ертеңгіліктер жоғары дәрежеде, жақсы дайындықпен өтті. Барлық топтың тәрбиешілері маған ертеңгілік жоспарын тапсырды. Бұл жоспарға анықтама жазып, қасына ертеңгілікте түсірілген суреттерді салынды. Желтоқсан айында тәуелсіздік күніне орай «Республикам – мақтанышым» тақырыбында барлық топтарда тақырыптық сабақтар өткізілді. Бұл іс шаралар Lill detskysad инстаграмм парақшасына салынды,- деп сөзін аяқтады.

4. Төртінші мәселе «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» бойынша сөз кезегін медбике М.Попкова алды.

- Әлемдегі біріктіретін аурулардың ең кең тараған тобы тұмау, парагрипп, респираторлық-синцитиалдық инфекция, риновирусты және аденовирусты инфекция, басқа жоғарғы тыныс алу жолдарының қабынбалары. Даму үдерісінде вирустық ауру бактериялық инфекцияға асқынуы мүмкін.

ЖРВИ- бұл төрт ортақ белгілерді біріктіретін аурулар тобы.

1. Олардың барлығы жұқпалы болып табылады. Олардың вирусын тудырады;

2. Ауру қоздырғыштары ағзаға ауа-тамшы жолдарымен – тыныс алу ағзалары арқылы келеді;

3. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді.

4. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ кезінде не болады? Вирустар мен бактериялар тыныс алу жолдарына түседі, шырышты қабыққа түсіп, зиянды заттар бөліп шығарады, сосын олар қап арқылы барлық ағзаға таралады. ЖРВИ-мен балалар және иммундық жүйесі әлсіреген адамдар жиі ауырады. Иммунитет ауырғаннан кейін тұрақты емес, сондықтан әр адам жыл сайын 3-4 және одан да көп ауруы мүмкін.

ЖРВИ немен қауіпті?- Деп сұрақ қоя отырып, баяндамасын толық оқып, аяқтады

5. Бесінші мәселе Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктерді жоспарлау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Біздің бақшамызда әрбір ертеңгілік керемет өтетінін айтқым келеді. Өйткені ата - аналар тарапынан алғыстар шексіз. Ертеңгілік сценарийлері, музыкалық залдың безендірулері, балалардың және сіздердің дайындықтарыңыз әрқашан да керемет деп айтсам болады. Алдағы уақытта балабақшамызда 8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай ертеңгіліктер жоспарлануда. Соған байланысты музыка жетекшісі барлық топқа арнап ертеңгіліктің өтетін уақыт кестесін құрып, дайындап қойды. Ең бірінші ертеңгілік 27 ақпан күні Мамонтенок және Жауқазын топтарында өтеді. Ал, 3 наурыз Ромашка тобында, 4 наурыз Китенок және Лучик топтарында, 5 наурыз Динозаврики тобында ертеңгілік өткізілу жоспарлануда. Дайындық бастылып кетті. Ал, енді сомдайтын рөлдеріне байланысты костюмдері туралы айтар болсам, біздің балабақшамызда гардеробныйда өте көп киімдер бар. Оларды мен өз қаражатымнан тіктіргенмін. Содан барлықтарыңыз алып, киіңіздер. Ал егер біреулеріңізге жаңа рөлдерге жаңа костюмдер керек болса, маған хабар беріңіздер. Саны мен өлшемін айтарсыздар, мен өз қаржыма тіктіріп беремін. Музыкалық залдың безендірілуі бойынша өз ойларында мерекеге қарсы уақытта жиналып талқылаймыз. Мен өз тәрбиешілерімнің ертеңгілікке өте тиянақты және жауапкершілікпен қарайды деген сенімдемін, -деп сөзін аяқтады.

6. Алтыншы мәселе, «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер өткізетін тәрбие сағаттарын талқылау бойынша сөз кезегін меңгеріші Л.И.Яворская алды.

- Бүгінде білім беру жүйесінде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Әсіресе, балабақша саласында бұл талаптарды ескермеу балалар үшін қауіпті болуы мүмкін. Сондықтан, балабақша қызметкерлері тәрбие барысында қауіпсіздік ережелерін балаларға толық жеткізіп, оны тәжірибе жүзінде қолданудың маңыздылығын түсіндіруі тиіс. Балабақшадағы қауіпсіздік ережелері – балалардың денсаулығы мен амандығын қамтамасыз етудің негізгі шарты. Ерте жастан бастап қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру баланың өмірлік дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік талаптарының сақталуы басты назарда болуы қажет. Балабақша жасындағы балалар ересектердің көмегіне көбірек мұқтаж болғандықтан, педагогтар мен тәрбиешілер олардың әрбір әрекетін жіті бақылап, қауіпсіздік шараларын үнемі ескеріп отыруы тиіс.

Балабақшадағы техникалық қауіпсіздік бірнеше маңызды аспектілерден тұрады. Ең алдымен, ойын алаңдары мен топтық бөлмелердегі барлық жабдықтар балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы шарт. Балалар пайдаланатын үстелдер, орындықтар, ойыншықтар және спорттық жабдықтар қауіпсіз материалдардан жасалып, өткір бұрыштары болмауы тиіс. Сонымен қатар, еденнің тайғақ болмауы, есік-терезелердің балаларға қауіп төндірмеуі қатаң қадағаланады. Электр құралдарының қауіпсіздігі де маңызды. Балабақшада тоқ көздері балалардың қолы

жетпейтін жерде орналасуы керек, ал тәрбиешілер электр құрылғыларын пайдаланар алдында олардың ақаусыз екенін тексеріп отыруы қажет.

Балабақшадағы қауіпсіздік шаралары тек физикалық ортаны қамтымайды. Балалардың денсаулығы мен психологиялық қауіпсіздігі де басты назарда болуы керек. Балабақшада тәрбиешілер балаларды дұрыс тамақтану, жеке тазалықты сақтау және алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерімен таныстыруы тиіс. Әрбір баланың тамақтан улану немесе аллергиялық реакция тудыратын өнімдерге сезімталдығы ескеріліп, ас мәзірі соған сәйкес дайындалуы қажет. Сонымен қатар, балаларға қолды дұрыс жуу, тамақ алдында және дәретханадан кейін тазалық сақтау дағдыларын үйрету – санитарлық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында әр аптаның жұма күндері барлық топтарда «Қауіпсіздік ережелері» бойынша 10-15 минуттық тәрбие сағаттары өткізіледі. «Балабақшада қауіпсіздік ережелерін сақтау», «Қауіпсіз серуен», «егер жоғалып қалсам не істеймін?», «Мен және бөтен кісі» т.б. тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізеді. Бұл тәрбие сағаттарының мақсаты, балалар әр уақытта қауіпсіздік ережелерін сақтап жүру, кез келген уақытта не істей алуын біліп жүру. Бұл тәрбие сағатында тәрбиеші балаларға үйрете отырып, сұрақ-жауап жауап арқылы, алған қауіпсіздік туралы білімдерін бақылайды, - деп сөзін қорытындылады.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Барлық топтарда өткізілген тақырыптық сабақтардың есебі» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- 16 желтоқсан тәуелсіздік мерекесіне орай «Республикам – мақтанышым» тақырыбында барлық топтарда тақырыптық сабақтар өткізілді. Бұл тақырыптық сабақтардың мақсаты: өз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге, Отаншылдыққа, елжандылыққа, Отанына адал қызмет етуге тәрбиелеу. Тақырыптық сабаққа тәрбиешілердің дайындықтары жақсы болды, елтаңба, туу, жалау суреттері бар көрнекіліктерді дайындап, бірінші елбасы Н.Назарбаев, Президентіміз Қ.Ж. Тоқаев жайында түсіндірме жүргізіп, Тәуелсіздік сөзінің түп мағынасын түсіндіріп, кішігірім видеолар көрсетіп, сабақтарын өткізді. Тақырыптық сабақтардың жоспарлары тапсырылып, видеолары инстаграмм парақшасына тіркелді., - деп сөзін аяқтады.

8. Күн тәртібіндегі сегізінші мәселе «Антитероризм бойынша өткізілген іс-шарлар» жайында сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша «Лилия» бөбекжай балабақшасының 2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары қыркүйек айында түзіліп, сол бойынша бақшамызда тақырыптық және тәжірибелік сабақтар тізімі жасалды. Ең алдымен Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы түсіндірме жұмыстарына жауапты маман бекітіліп, артынша «Терроризмге қарсы іс-қимыл, терроризмге қарсы күрестің алдын алу үшін комиссия мүшелерін сайлау туралы бұйрық шығарылды. Жоспар бойынша ең алдымен қызметкерлерді Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен таныстырып, әрі қарай жоспарда бекітілген тақырыптарды өткізудеміз. Мысалы осы күнге дейін «Білім беру ұйымының терроризмге қарсы

қауіпсіздігін ұйымдастыру», «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу», «Діни экстремизм мен терроризмнің алдан алу жайында педагогтарға кеңестер» беріліп, хаттамалар толтырылды.

Тыңдаушылар терроризмге қарыс дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналына қол қойып, таныстырылды.

Сонымен қатар балабақша тәрбиеленушілері үшін де антитерроризмге қарсы іс шаралар тақырыптары түзілді. Олар «Қауіпсіз балабақша», «Мен және қоршаған орта», т.б. Бұл тақырыптар бойынша тәрбиешілер өз топтарының балаларына түсіндірме жұмыстарын өткізді, - деп сөзін аяқтады.

9. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Осы жылдың қыркүйек айында біздің балабақшамыз аттестациядан өтеді. Бұл аттестация әр 5 жыл сайын ұйымдастырылып өткізіледі. Аттестация барысында көптеген құжаттар тексеріліп, біздің бақшамыздың соңғы 3 жылда атқарған жұмыстарын толық тексеруден өткізеді. Кәзіргі таңда аттестация онлайн немесе офлайн режимінің қайсысымен өтетіні белгісіз. Біз екеуіне де дайын болғанымыз жөн. Аттестация барысында ең алдымен педагог кадрлардың санаты тексеріледі. Біздің бақшамызда 12 педагог қызмет жасайды. Олардың 1 - педагог-сарапшы, 3 - педагог - модератор. Ал қалғандары жай педагог санаты бар қызметкерлер. Араларыңызда пенсияға шыққан тәрбиешілер де бар. Олардың бұрын алған жоғары категориялары, 1 санатының уақыты өтіп кеткендіктен педагог-модератор категориясын алуларыңыз керек. Сол үшін Ұстаз платформасын енгізетін құжаттарды дайындаңыздар. Олар: сіздердің және балалардың жетістіктері, облыстық, республикалық семинар, конференцияларға қатысқандығыңыз туралы дәлелдеме, 2024-2025 және 2025-2026 оқу жылына арналған бақылау парақтары, әдістемелік нұсқаулықтарыңыз жатады. Дайын болған құжаттарды платформаға саламыз. Ақпан айында тест орталығына тіркеліп, тест тапсырасыздар. Ал, тек сәттілік тілеймін.

- Менің сұрағым бар,- деп сөз кезегін Н.Н.Крайниченко алды. Менің сұрағым, біз кәзір аралық мониторингті аяқтадық. Осы мониторинг нәтижесін бойынша балалардың жеке даму карталарын толтырамыз ба? Толтыратын болсақ, бұрынғы толтыру парағынан айырмашылығы жоқ па?

- Ия, міндетті түрде балалардың жеке даму карталарын толтырасыздар, - деп меңгеруші жауап берді. Алдыңғы толтырған карталардан ешқандай өзгешелігі жоқ. Ия, айта кететін мәселе, осы соңғы үш жылдың мониторинг динамикасын Ұстаз платформасына енгіземіз.

- Тағы сіздерге айтатын мәселе біздің бақшамызда ұжымдық шарт жасап дайындалынды. Осы ұжымдық шарт жұмыс беруші мен қызметкердің арасында олардың өкілдері атынан жасалды және ЖШС «Лилия»бөбекжай-бақшасы әлеуметтік еңбек қатынастарын реттейтін құқықтық акт болып табылады. Ұжымдық шарт білім ұйымдарындағы қызметкерлердің әлеуметтік еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жөнінде қызметкерлер мен жұмыс берушінің өзара міндеттерін анықтау және қызметкерлер үшін қосымша әлеуметтік экономикалық кепілдіктер, жеңілдіктер мен

басымдылықтарды анықтау мақсатында, сондай ақ белгіленген заңдармен, өзге нормативтік құқықтық актілермен, бас, аумақтық, салалық, салалық аймақтық келісімдермен салыстырғанда еңбектің анағұрлым қолайлы жағдайларын туғызу жөнінде жасалды. Мұнда негізгі пунктері: Еңбек шартын жасау, өзгерту және бұзу кезіндегі кепілдіктер, Еңбекке ақы төлеу және еңбекті нормалау, Еңбекті және денсаулықты қорғау, Әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер, Ұжымдық шарттың орындалуын бақылау пунктері бар. Мен әр қаусысына жеке тоқталып, түсіндіріп өтейін, - деп меңгеруші толық түсіндіріп өтті. Сонымен қатар, Ұжымдық шарттың тараптары:

- жұмыс беруші, оның өкілі атынан – білім ұйымының басшысы Яворская Лилия Ивановна (бұдан әрі – жұмыс беруші);
- ұйым қызметкерлері, олардың өкілі атынан бақша кассирі Федаренко Ольга Владимировна сайланды. Сұрақтарыңыз болса қойыңыздар....
- Тағы айтатын жайт, біздің хатшымыз бала күтіміне байланысты демалысқа шығуына орай, тәрбиеші С.Маманова педагогикалық кеңес, меңгеруші жанындағы және өндірістік кеңес хатшысы болып сайлансын. Сұқтарыңыз болмаса кеңесті аяқтайық да, шешім шығарайық.

Қаулы:

1. Өткізілген Аралық мониторингтің қорынындысы қабылдансын;
2. Ұйымдастырылып өткізілген көрмелер мен іс-шаралар қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;
3. Медбикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы қабылданып, осы бойынша жұмыстар жасалынсын;
4. Наурыз айында болатын ертеңгіліктерге дайындық қарқын жүріп, жоғары деңгейде өткізуге талпынайық;
5. «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер өткізетін тәрбие сағаттары уақытылы өткізілсін;
6. Барлық топтарда өткізілген тақырыптық сабақтар жалғасын тапсын;
7. Антитероризм бойынша өткізілген іс-шарлар жалғасын тапсын;
8. Әртүрлі мәселелер бойынша
 - Ұстаз платформасына аттестациядан өтетін қызметкерлердің құжаттары толық уақытылы салынсын;
 - Ұжымдық шарт Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаментінде тіркеліп, бекітілсін.

Меңгеруші:

Л.И.Яворская

Хатшы:

С.С.Маманова

Қатысқандар: 13

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік сабақтары» тәрбие сағаттары жайында
3. Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы жайында
4. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы. (ересек, мектепалды топтары.)
5. 8 Наурыз, 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгіліктерді талқылау
6. Жоспар бойынша өткізілетін тақырыптық сабақтарды талқылау.
7. Өрт қауіпсіздігі және жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік шараларын ұстану бойынша өткізілген іс-шаралардың қорытындысы.
8. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «№3 педкеңес шешімінің орындалуы» сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №3 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Айтар болсам, өткізілген аралық мониторингтің қорытындысы негізінде балалармен жұмыстар жасалынып жатыр. Қай бала қай бағыт бойынша үлгермей жатырған болса, тәрбиеші көбірек көңіл бөліп, жеке жұмыстар барысында сол баламен жұмыс жүргізуде. Медбикенің «Тұмау және ЖРВИ алдын алу» жайында баяндамасы негізінде балалар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, аурудың алдын алу жұмыстары бақшамызда жүргізілуде. Сонымен қатар, Наурыз айында барлық топтарда 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне орай ертеңгіліктер өткізіліп жатыр және 22 наурыз Жаңа жыл мерекесіне орай ертеңгілікке дайындалу жатырмыз. 8 наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгіліктерге тәрбиешілер де, балалар да өте жақсы дайындалған. Балалар үш тілде өлеңдерін шырқап, тақпақтарын айтып, керемет билерге билеп, керемет көңіл күй сыйлады. «Қауіпсіздік ережелері» бойынша тәрбиешілер әр жұма күні тәрбие сағатын өтіп, балаларға қауіпсіздікті үйретеді. Жыл бойына барлық топтар ашық сабақтарын өткізді. Оларға қатысқан педагогтар бақылау парақтарын толтырып, Ұстаз платформасына енгізді. Ең соңғы мәселе бойынша балабақшамызда қызметкерлерге әр квартал сайын терроризмге қарсы іс - шаралар өткізудеміз. Ал тәрбиешілер балаларға антитерроризм бойынша түсініктеме беріп, Қауіпсіз балабақша тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізуде,- деп толық айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары жайында сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Апта сайын өткізілетін «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары жайында айтар болсам, МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның

уына ерекше назар аудару қажет-деп сөзін бастады. Барлық топтарда жұма балаларға тәрбие сағаттарын өткізілудеміз. Тәрбие сағатын өту барысында барлық топта жасерекшелігіне байланысты әртүрлі тақырыпта тәрбие сағаттары өткізіледі. Мысалы, айтар болсам Серуен кезінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша, тәрбиелеу-білім беру процесінде тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін жайында, қайшы, сызғыш, қаламсапты дұрыс ұстай білу, қасындағы отырған балаға зияны тиіп кетпесі үшін, сонымен қатар, «Өрт кезінде өзін қалай ұстау керек», - «Балақай, су тасқынына дайын бол!», - «Жер сілкінісі кезінде өзіңді қалай ұстау керек» жайында түсіндірме жұмыстарын өткізу, «Ойын кезіндегі қауіпсіздік», - «Қысқы қауіп-қатерлерден сақтану қауіпсіздік ережесі», «Тамақтану кезіндегі қауіпсіздік» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізуде.

Ал, енді жеке жеке жасерекшеліктері бойынша тоқталып өтсем, ортаңғы топтарда «Қауіпсіз үй. Үйде жалғыз қалғанда», «Егер мен жоғалып қалсам, не істеймін?», «Қауіпсіз серуендеу», «Балабақшада қауіпсіздік ережелерін сақтау», т.б, ал ересек тобында «Жатын бөлмеде және әжетханада қауіпсіздік ережелерін сақтау», «Ата ана телефондары мен үй адресін біліп жүру», «Үйдегі қауіпті заттар», т.б., ал, мектепалды даярлық топтарында «Жедел нөмірлер мен қауіпсіз терезелер», «Жан-жануарлар әлемімен қауіпсіз қарым-қатынас», «Қылмыскерлерді қалай ажыратамыз?», «Табиғаттағы қауіпсіздікті сақтау», т.б. тақырыптарда тәрбиешілер түсіндірме жұмыстарын жасайды. Балаларға түсіндіру барысында тәрбиешілер тақырыпқа байланысты сұрақ қояды, ал балалар еркін түрде өз ойларын айтып, соңында қорытындылайды, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештерінің қорытындысы» жайында меңгеруші О.А.Лигус алды.

Қаңтар айында «Қысқы қызықтар» атты, ал ақпан айында «Мен спортты сүйемін», ал осы наурыз айында барлық топтарда «Ұлттық үстел үсті ойындары» тақырыбында қозғалмалы ойындар ұйымдастырылып, өткізілді. Ұйымдастырылған ойын жарыстарына тәрбиешілер де, балалар да өте жақсы дайындалған. Балалар бірдей түстегі киімдер киген, ал тәрбиеші жарысқа арналған доптар, секіргіштер, ысқырық, кедергілер, арқан жіптер, шарлар, т.б. дайындаған. Барлық жарыстарға барып қатысып көрдім. Жарыстар өте көңілді өтті. Тәрбиешілердің таңдаған ойындары жасерекшеліктеріне сай және қызықты болды. Балалар жарысқа белсене, бар ынтасымен қатысты. Көңілді музыка қойылды. Барлық топтың тәрбиешілері жоспарларын тапсырды,- деп қысқаша айтып өтті.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе «Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуы» бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Оқу жылының басында барлық топтардың жас ерекшелігіне байланысты күн тәртібі жасалған және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне байланысты сабақ кестесі жасалған. Барлық топ тәрбиешілері осы сабақ кестесі және күн тәртібі бойынша балалармен жұмыс жасайды. Таң азанымен балаларды күтіп алғанда бақшамызда керемет күй қосулы тұрады. Балалар ата-аналарымен әр түрлі тақырыпта әңгімелескенін тәрбиеші бақылайды. Бұл керемет уақытты «Өнегелі 15

минут» деп атаймыз. Күтіп алған балалармен тәрбиеші гимнастика жасап, қолдарын жуып, таңғы асқа отырғызады. Тамақтанып болған соң ҰІӘ бойынша сабақтарын оқиды. Кейіннен балалар серуендеуге шығып, серуендеу барысында ұлттық ойындар, қаржылық сауаттылық және құқықтық сауаттылық бойынша ойындар ойнайды. Серуеннен қайтқан балалар гигиеналық шараларды жүргізіп, жуынып, түскі асқа отырады. Түскі астан кейін ұйқыға дайындалады. Сонымен күніміздің бірінші жартысы осылайша өтеді. Медбике, әдіскер және менің тарапымнан күніге тексеру жүргізілуде.

Ал енді сөз кезегін медбикеге бергім келіп тұр. Күннің бірінші жартысында, яғни таң азанда істейтін жұмысы бойынша қысқаша айтып өтсе.

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Сөз бергеніңізге рақмет. Менің жұмысым барлық тәрбиешілер сияқты таңғы сағат 8.00 ден басталады. Таң азанымен мен тотарды аралап, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісінің жұмыстарын тексеремін. Тәрбиешілердің терезенің шаның сүртіп, кабинеттегі заттарды реттейді де, есік терезелерді жауып, кварц қосады. Кейін оны өшіріп, бөлмелерді желдетеді. Ал тәрбиеші көрекшісі едендерді тазалап, асханаға таңғы асқа кетеді. Осының барлығын тексеріп болған соң мен балаларды күтетін есіктің алдына барып, сонда термометрмен балалардың дене температураларын тексеріп, денесін тексеріп, қабылдаймын. Әрі қарай жұмыстарым менің жоспарыма байланысты,- деп медбике М.Попкова толық тоқталып, айтып өтті.

5. Бесінші мәселе «8 Наурыз, 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгіліктерді талқылау» бойынша сөз кезегін меңгеріші О.А.Лигус алды.

- 8 наурыз мерекесіне орай «Мама, милая мама!» тақырыбында барлық топтарда ақпан айының соңынан бастап ертеңгіліктер өткізілді. Барлық ертеңгіліктер өте қызықты өтті. Балалар үш тілде ән айтып, тақпақтарын айтты, би биледі. Барлық топтарда арнайы сценка құрылып, балалар керемет рөлдерді ойнады. Ал киген киімдері арнайы сомдаған рөлдеріне арнап тіктірілген, өте сәнді, әдемі болды. Зал іші жарық, таза және жылы болды. Барлық тапсырылған сценарийлерге анықтамалар толтырылды.

- Ал, 22 Наурыз мерекесіне орай балабақшада наурыз көже мен бауырсақтар пісіріледі. Тары, талқан дайындап, таңда ата-аналар балаларды бақшаға әкелгенінде оларға ауыз тиюі үшін дәм татуға беріледі. Ал 20 наурыз күні келесі апталарда балабақшамызда «Қош келің біздің өлкеге, Наурыз» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырылуда. Ол ертеңгілікке ересек және мектепалды даярлық топтарының балалары қатысады. Ертеңгіліктің жоспары жасалынып, маған тапсырылды. Кәзіргі таңда ертеңгілікке толық дайындық туралы музыка жетекшісі Алена Владимировнаға сөз берейін,-деп сөзін аяқтады.

- Кәзіргі таңда ертеңгілікке дайындығымыз қарқын жүріп жатыр. Ертеңгілік наурыз айының ортасында өтеді. Әр топтың дайындықтары жақсы деп айта аламын. Осы күнге дейін барлық балалар Наурыз туралы жаттауларын жаттап, билерін жақсы меңгеріп алды. Ертеңгілік барысында балаларымыз бірнеше ұлттық ойындарымызды ойнап, көрсетеді. Музыка залының безендіруі аяқталды. Жалпы ертеңгілікке дайындығымыз жақсы- деп А.В.Чепуркина сөзін аяқтады.

6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселесі «Жоспар бойынша өткізілетін тақырыптық сабақтарды талқылау» бойынша сөз кезегін Л.И.Яворская алды.

- 2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес 1 қыркүйек «Білім күні» тақырыбында, «Қазақстан халқы тілдері күні», «25 қазан- Республика күніне арналған сабақтар», «16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» тақырыптарына арналған тақырыптық сабақтар өткізілді. Бұл тақырыптық сабақтардың мақсаты: Қазақ еліміздің тәуелсіздігі мен жетістіктерін насихаттау. Ұлттық бірлік пен патриотизмге үйрету. Өз елін, жерін, тілін сыйлауға, құрметтеуге үйрету. Тақырыптық сабақ барысында суреттермен, слайдтармен көрнекіліктер көмегімен балаларға түсініктеме беріп, соңында сұрақ жауап айдарын өткізіп, әдіскерге тақырыптық сабақтардың құжаттарын тапсырды, - деп толық айтып өтті.

7. Күн тәртібіндегі жетінші мәселе «Өрт қауіпсіздігі және жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік шараларын ұстану бойынша өткізілген іс-шаралардың қорытындысы» бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

-Біздің бақшамызда төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттеріне үйрету мақсатында 2025-2026 оқу жылына арналған тақырыптық жоспар құрылған. Сол жоспарлар негізінде бақша қызметкерлеріне және тәрбиеленушілерге әр квартал сайын теориялық және тәжірибелік сабақтар өткізілуде. Мысалы, Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік және Өрт уақытындағы қауіпсіздік тақырыбында бақшамыздың тәрбиеленушілеріне дәріс түрінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, практикалық оқу-жаттығулары өткізілді. Қыс мезгіліндегі мұздағы қауіпсіздік тақырыбында балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Балаларға әр уақытта «Қауіпсіз терезелер» тақырыбында балалардың терезеден құлап кетудің алдын алу бойынша қауіпсіздік сабақтары өткізілуде. Жаңа жыл қарсаңында «Қауіпсіз жаңа жыл» тақырыбында дәріс сабақтары өткізілуде. Барлық өткізілген дәріс сабақтары мен практикалық сабақтары біздің бақшамыздың инстаграмм парақшасына енгізіп, жариялап отырмыз, - деп толық тоқталып өтті.

8. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Биылғы оқу жылында педагогтардың аттестациядан өтіп, категория алу мақсатында біздің бақшамызда, өздеріңіз білетіндей бірнеше тәрбиеші біліктілік санатын алу мақсатында мақалалар жазып, әдістемелік құралдар жазып, семинар, конференцияларға қатысып, әділ қазылар алқасы болып іс-шараларға қатысты. Соның ішіндегі тәрбиешілердің жазған мақалалары жайында айтар болса, «Абай мұрасы – ұлт руханиятының темір қазығы: білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің негізі» І Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысып, мақалаларын жариялады. Атап айтқанда Иванятова М.А. «Эффективные методы развития познавательных способностей детей дошкольного возраста», Костеневич Я.В. «Эффективность применения игровых технологий в дошкольных образовательных организациях», Крайниченко Н.Н. «Развитие воображения ребенка через творческие задания», Кривоносова Е.Ю. «Экологическое воспитание как средство формирования любви ребенка к природе», Лигус О.А. «Значение подвижных игр в укреплении здоровья детей»,

Маманова С.С. «Балабақшада агрессивті мінез-құлықтың алдын алу әдістері», Рыбникова О.В. Методы обучения детей правильным пищевым привычкам», Сыздыкова А.А. «Балалардың физикалық дамуын қолдайтын ойындар мен жаттығулар». Бұл жазылған мақалалар ұстаз платформасына енгізілді,- деп сөзін аяқтады.

Қазақстан Республикасының Президентінің 2024 жылғы Жолдауын насихаттау аясында балаларға арналған «Жас ғалым» атты республикалық байқауға біздің бақшаның тәрбиешілері, атап айтқанда Н.Крайниченко, О.Лигус, С.Маманова, О.Рыбникова, Е.Кривоносова, А.Сыздыкова, М.Иванятова, Я.Костеневич қатысып, ол конференцияда әділ қазы алқасы болып, қатысушылардың жұмыстарын бағалады. Конференцияға қатысқандары үшін тәрбиешілер сертификат, алғыс хаттармен марапатталды.

Сонымен қатар, жоғарыда аты аталған тәрбиешілер өз топтарындағы балаларды көптеген іс-шараларға қатыстырып, алғыс хатпен марапатталды. Ол іс – шаралар, «Аяз атаға хат» Республикалық сурет салу сайыстары, «Мұқағалидін өлеңдері», «Абай өлеңдері», т.б.

Тәрбиешілер әдістемелік құралдар жазып, осы әдістемелік кеңесте бекітуге ұсынып отыр. Педагогтердің оқу жылы барысында дайындаған әдістемелік құралдарын жан-жақты, жүйелі түрде талқылау, олардың ғылыми-әдістемелік мазмұнын сараптау, практикалық маңыздылығын айқындау, сондай-ақ оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдану жолдарын анықтау екенін атап өткім келіп отыр.

Сонымен қатар әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогикалық шеберлікті жетілдіруге, білім беру сапасын көтеруге және инновациялық тәсілдерді енгізуге бағытталған маңызды құрал ретінде қарастырылады.

Сонымен қатар, барлық тәрбиешілер Степ бай степ оқыту орталығынан 72 сағаттық біліктілік арттыру курсын оқып, сертификат алды.

Барлық материалдар ұстаз платформасына енгізілді және тәрбиешілер тест тапсыруға дайындық үстінде. Кәзіргі таңда Мен, яғни О.А.Лигус және тәрбиеші Л.Л.Хоменко тестен өтіп, партфолиоға құжаттар енгізіп, өтініш берді.

Сұрақтарыңыз болса қоя беріңіздер.

- Менің сұрағым бар, -деп сөз кезегін Н.Н.Крайниченко алды. Егер тест тапсыру барысында қажетті балды жинай алмасақ, қайта тапсыруға мүмкіндік бар ма?
- Егер тест тапсыру барысында қажетті балды жинай алмасаңыздар мамыр немесе шілде айларында қайтадан тест тапсыруға мүмкіндік беріледі. Бірақ ол тестке қатысу үшін ақша төлейсіздер. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса кеңесті аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

- 1 «Қауіпсіздік сабақтар» тәрбие сағаттары апта сайын өткізілсін;
2. Өткізілген дене шынықтыру сауық-кештері жалғасын тапсын;

3. Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің кесте бойынша жұмыстары орындала берсін, тексеру жұмыстары жүргізіле берсін;
4. 8 Наурыз мерекесіне орай өткізілген ертеңгілік жоғары дәреже өтті деп танылсын, ал 22 Наурыз мерекесіне орай өткізілетін ертеңгіліктерге дайындық жалғастырылсын;
5. Тақырыптық сабақтар жоспар бойынша өткізіле берсін;
7. Өрт қауіпсіздігі және жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік шараларын ұстану бойынша өткізілген іс-шаралардың қорытындысы қабылданып, жұмыстар жалғастырыла берсін;
8. Әртүрлі мәселелер бойынша айтылған жұмыстар жалғасын тапсын.

Меңгеруші:

О.А.Лигус

Хатшы:

С.С.Маманова



№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Қатысқандар: 13

29.05.2026ж

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің 2025-2026 оқу жылындағы атқарылған жұмыстарының қорытындысы»

1. №4 педкеңес шешімінің орындалуы
2. 2025-2026 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі.
3. Мониторинг қорытындысымен таныстыру.
4. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі
5. «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау
6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту
7. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Педагогикалық кеңеске қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе №4 Педагогикалық кеңестің орындалуы бойынша айтар болсам, барлық мәселелер бойынша жұмыстар жасалынды. Барлық топтарда апта сайын «Қауіпсіздік шаралар» тәрбие сағаттары өткізіліп жатыр. Олар, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет екенін және балалар қайда жүрсе де, үйде болсын, далада серуендеп жүрсе де, бақшада болса да әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтап жүру керектігі жайында барлық топтардың тәрбиешілері жұма күні балаларға тәрбие сағаттарын өткізіп, түсіндіреді.

Жылдық жоспар негізінде әр бір айға барлық топтарда дене шынықтыру сабағында өткізетін ойын-сауық кештерін, сайыстарды тәрбиешілер уақытылы өткізіп, оның видеолары инстаграмм парақшасында жариялап отырмыз.

Күннің бірінші жартысындағы күн тәртібінің орындалуына әдіскер мен медбике бақылау жүргізуде. Оқу процесі, тәрбие процесі, тәрбиешінің баламен жеке жұмыстар жасауы, сыртта серуендеу кезінде ойындарды ойнату барысын, т.б. процестерді әдіскер бақылап, әрқашан кеңестер беруде. Ал медбике тарапынан топ тазалығы, мекеме тазалығы және балалардың денсаулығы жайында маған есеп беріп жүрді.

2025-2026 оқу жылының жылдық жоспарына сәйкес барлық ертеңгіліктер, тақырыптық сабақтар уақытылы өткізіліп, анықтама жазылып, инстаграмм парақшасына салынды.

«Өрт қауіпсіздігі және жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік шараларын ұстану» бойынша балабақша қызметкерлері мен тәрбиеленушілеріне әр

квартал сайын түсіндірме жұмыстары мен тәжірибелік сабақтар өткізілуде, - деп меңгеруші толық айтып өтті.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2025-2026 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі» бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды:

- 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар негізінде жоспарланған барлық жұмыстар уақытылы орындалды. Атап айтқанда, жыл бойына жоспарланған ертеңгіліктер мен тақырыптық сабақтар өткізілді. Ата-аналар мен балаларға әр қашан әр түрлі тақырыпта кеңестер беріліп отырды. Әр ай сайын «Салауатты өмір салтын ұйымдастыру» бойынша жоспарланған жарыстар мен сайыстар уақытылы барлық топтарда өткізілді. Жыл бойына жоспарланған тәжірибе алмасу сабақтарын барлық педагогтар мен тәрбиешілер уақытылы өтіп, бақылау парақтары толтырылып, ұстаз платформасына енгізілді. Жоспарланған көрмелер мен іс – шаралар да өткізіліп, инстаграмм парақшасына салынды. Педагогикалық кеңес, өндірістік кеңес пен меңгеруші жанындағы кеңестер, әдістемелік кеңестер өткізіліп, хаттамалары толтырылды, - деп толық айтып өтті.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Мониторинг қорытындысы» бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Мамыр айының басында Әдістемелік орталығынан келіп түскен тапсырма негізінде балаларға қорытынды мониторинг жүргізілді. Мониторинг мақсаты, әрбір жас тобында балалардың жетістіктерін объективті қадағалауға, мектепке дейінгі жастағы баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге, педагогтердің түзету іс-шаралары негізінде білім беру процесін жетілдіруге және баланың білім беру салаларының әрқайсысының мазмұнын және жалпы үлгілік бағдарламаны меңгеру деңгейін айқындауға мүмкіндік алу. Мониторинг қорытындысын айтар болсам, бастапқы, аралық мониторинг қорытындысымен салыстырғанда көрсеткішіміз жоғары болып тұр. Өйткені, бастапқы мониторингте кездескен қиыншылықтармен тәрбиешілер жақсы жұмыс жасап, аралық мониторингте кездескен кемшіліктерді түзетіп, қорытынды мониторингте нәтиже жоғары болды. Бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг нәтижелері бойынша диаграмма жасалып, оны ұстаз платформасына енгіздік. Қорытынды мониторингтің нәтижесін хаттамаға қоса тіркеймін.,- деп сөзін аяқтады.

4. Күн тәртібіндегі төртінші «Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі» бойынша сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алып, барлық топтың тәрбиешілері тәжірибе алмасу сабақтарын өткенін, тақырыптар балалардың жасерекшеліктеріне сай, ойын түрінде түсінікті, әрі қызықты ұйымдастырылып өткізілгенін айтты. Барлық ашық сабақтарға меңгеруші, әдіскер және барлық топ тәрбиешілері, педагогтар қатысып, ашық сабақ барысында көптеген жаңа дидактикалық әдістер пайдаланылғанын, көрнекіліктер мен сергіту жаттығулары жүргізілгенін, балалар сабаққа өте

белсене қатысқанын айтып өтті. Осы өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының ішінен мектеп алды даярлық тобында өткен сабаққа қысқаша тоқталып, Путешествие по сказке «Гуси – лебеди» тақырыбында Динозаврики тобында өткен ашық сабақ барысында балалардың біразі әріп танығандығын, жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды ажырата алатындығын және өздері ойланып, тапсырмаларды өз бетімен орындап, ойларын ашық жіткізе алатындығы айтып өтті. Ал, Лучик тобының «Секрет слов» тақырыбында өткен ашық сабағында балалар жұмбақтарды ойланып шешіп, логикалық сұрақтарға жақсы жауап бере алғанын, сонымен қатар бірлесіп тапсырма орындауды жақсы меңгергендігі айтты. Барлық ашық сабақтан соң қатысқан тәрбиешілер бақылау парағын толтырылып, Ұстаз платформасына енгізді деп қорытындылады.

5. Күн тәртібіндегі бесінші мәселе «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігін талқылау бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды.

- Мектепалды даярлық топтары «Лучик» және «Динозаврики» тобында жылдық жоспар негізінде балабақшамен қоштасу ертеңгіліктері өткізілді. Топтардың ертеңгілікке дайындықтары өте керемет болды. Балалар үш тілде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде керемет ән шырқап, такпақтарын айтты. Сонымен қатар балалар сахналық қойылымдар қойып, рөлдерін керемет ойнады. Ата – аналар үшін арнайы ұйымдастырылған ойындары да керемет болды. Балалар керемет билерге билеп, өнерлерін көрсетті. Ата-аналардың, балалардың және қонаққа келген тәрбиешілердің көңіл-күйлері керемет болды. Ал залдың іші жарық, таза және өте сәнді безендірілген. Ертеңгілік соңында арнайы баспада басылып дайындалған дипломдар балаларға ұсынылды. Ертеңгіліктердің жоспарлары әдіскерге тапсырылып, анықтама толтырылды, - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

6. Күн тәртібінде алтыншы мәселе «Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту» туралы сөз кезегін әдіскер Л.И.Яворская алды.

- Мектепке дейінгі ұйымның жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін неғұрлым тиімді жағдайлар жасау. Дәл осы маусымда балалар құрбыларымен араласудан көңілі көтеріліп, үлкен қуаныш пен әсерге бөленіп, өзіне қажетті жаңалықтарды ашады.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер береді. Сол мақсатта жазғы сауықтыру шараларының жоспарын жасап, бүгінгі күнмен бекітіліп, жазғы күн тәртібі мен перспективалық жоспар құрылып, бекітуге ұсынып отырмын, - деп толық тоқталып өтті.

6. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші О.А.Лигус алды:

- Алдағы жаз уақытында барлық топтың ата-аналарына ескертсеңіздер болады, яғни жаз айларында екі айға орын сақталатын демалыс, отпуск алуға рұқсат беріледі. Ата-аналар әдіскерге келіп өтініш жазсын, ал сол өтінішті гарден программасындағы табельге енгіземіз.

Биылғы оқу жылында бақша тәрбиешілері педагог-модератор санатын алу үшін, ұстаз платформасына атқарған жұмыстарының құжаттарын енгізген болатын. Соның ішінде 2 тәрбиеші Хоменко Л.Л. және мен О.А.Лигус ОЗП бойынша қажетті шекті балды жинап, платформаға өтініш берген болатын. Оның қорытындысы бойынша хаттама енді келеді. Ал 3 тәрбиеші ОЗП бойынша шекті балл жинай алмады, бірақ олар шілде айында қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі, сол кезде бағын тағы сынап көреді. Ал ендігі жылы аттестациядан өту ережелеріне өзгерістер енгізуде, ОЗП тестілеуді мүлдем алып тастауда, оны алдағы уақытта көре жатамыз.

Ендігі оқу жылының басында, яғни, қыркүйек айында біздің балабақшамыз Аттестациядан өтетінін білесіздер. Сондықтан әдіскер Л.И.Яворская сізге тапсырма, соңғы 3 оқу жылының құжаттарын толық тексеріп, қолдарын қойып, сканерлеуге дайындаңыздар. Арнайы сайт ашып, сол сайтқа барлық құжаттарды енгіземіз. Алдағы уақытта Білім басқармасы тарапынан осы мәселе бойынша жиналыстар өткізіледі. Соған қатысып, көптеген сұрақтарымызға жауап алармыз.

Жаз уақытында лучик және динозаврики мектепалды даярлық топтары балабақшамызды бітіріп шығып, мектеп табалдырығын аттайды. Ал біз жаңадан Лучик және Динозаврик ортаңғы тобын ашып, 3 жасар балаларды қабылдаймыз. Басқа сұрақтарыңыз жоқ болса, кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1. 2025-2026 оқу жылындағы жылдық міндеттемелердің орындалу есебі қабылдансын;
2. Мониторинг қорытындысы қабылдансын;
3. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі қабылдансын, жұмыстар жалғастырылсын;
4. Оқу жылында өткізілген тәжірибе алмасу сабақтарының қорытындысы жайында әдіскердің есебі қабылданып, жалғасын тапсын;
5. «Балабақша, қош сау бол!» МАД тобының өткізген ертеңгілігі секілді керемет ертеңгіліктер жақсы өтті деп есептеліп, жалғасын тапсын;
6. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілсін, жұмыстар жалғастырылсын;
7. Өртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалынсын.

Меңгеруші:

Хатшы:

О.А.Лигус

С.С.Маманова